

**"Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің біріккен алқасы туралы шартты ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 қыркүйектегі № 1157 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің біріккен алқасы туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

Жоба

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*К. Мәсімов*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің біріккен алқасы туралы шартты ратификациялау туралы**

2011 жылғы 22 маусымда Мәскеу қаласында жасалған Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің біріккен алқасы туралы шарт ратификациялансын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің біріккен алқасы туралы шарт**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартты, 2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру туралы шартты, 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының комиссиясы туралы шартты, 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартты негізге ала отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

**1-бап**

Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің (бұдан әрі - Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері) өзара іс-қимылын үйлестіру, Кеден одағының мақсаттары мен міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ету, Тараптар мемлекеттерінің кеден органдарының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеден заңнамасы мен

кедендік реттеудің қолданылуын біріздендіру мақсатында Тараптар Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасын (бұдан әрі - Біріккен алқа) құрады.

## **2-бап**

Біріккен алқа өз қызметін осы Шартта, Кеден одағына мүше мемлекеттердің Кеден одағындағы кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін басқа халықаралық шарттарында, ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) және Кеден одағы комиссиясының шешімдерінде көзделген өкілеттіктердің шегінде жүзеге асырады.

## **3-бап**

Біріккен алқаны Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері басшыларының арасынан Біріккен алқа мүшелері сайлайтын Төраға басқарады. Төраға білдіретін Тараптан орынбасарды қоспағанда, Біріккен алқа Төрағасының Біріккен алқа мүшелері сайлайтын Кеден одағына мүше мемлекеттердің саны бойынша орынбасарлары болады.

Біріккен алқаның Төрағасы және оның орынбасарлары лауазымға бір жылға сайланады. Біріккен алқаның шешімі бойынша бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

Біріккен алқаның жұмыс істеп отырған Төрағасының Біріккен алқаның отырысын жүргізу бойынша міндеттерін орындауы мүмкін болмаған жағдайда, оның функцияларын Біріккен алқа Төрағасы орынбасарларының бірі орындайды. Біріккен алқаның құрамына Төраға, оның орынбасарлары, сондай-ақ әрбір орталық кеден органынан тең өкілдікпен Тараптар мемлекеттері орталық кеден органдарының алқалары мүшелерінің арасынан Тараптар мемлекеттері орталық кеден органдарының басшы (лауазымы бойынша) қызметкерлері кіреді. Біріккен алқаның жұмыс тәртібі Біріккен алқаның қарау қорытындысы бойынша Төраға бекітетін Рәсімдер қағидасымен айқындалады.

## **4-бап**

Біріккен алқаның отырыстары кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі. Тараптар мемлекеттері орталық кеден органдарының кем дегенде біреуінің өтініші бойынша Біріккен алқаның кезектен тыс отырыстары өткізілуі мүмкін.

## **5-бап**

Біріккен алқаның негізгі міндеттері:  
Кеден одағы шеңберінде Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің іс-әрекетін

ү й л е с т і р у ;

Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің құзыретіне қатысты бөлігінде Кеден одағының кеден ісі мәселелері бойынша бірыңғай құқықтық базасын қалыптастыруға қ а т ы с у ;

өз құзыреті шегінде Кеден одағының кеден заңнамасын біркелкі қолдануды қ а м т а м а с ы з е т у ;

Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды ұйымдастырудың біріздендірілген тәртібін қ а м т а м а с ы з е т у ;

Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында кеден саясатын іске асыруға жәрдемдесу болып табылады.

## **6-бап**

Біріккен алқа мынадай функцияларды жүзеге асырады:

Кеден одағы кеден заңнамасының нормаларын орындауды мониторингтеу;

Кеден одағында кеден заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау және оларды Кеден одағы органдарының қарауына енгізу;

Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағын қалыптастыру мен оның жұмыс істеуі үшін құқықтық және ұйымдастырушылық жағдай жасауға қатысу;

ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесі (Кеден одағының жоғары органы) және Кеден одағының комиссиясы қабылдаған шешімдерді іске асыруға жәрдемдесу;

сақталуын бақылау Тараптар мемлекеттерінің кеден органдарына жүктелген Кеден одағында кедендік реттеу нормаларының біркелкі сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған бірлескен жоспарлар мен шараларды дайындау және қабылдау;

Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің Кеден одағындағы кедендік реттеу саласындағы өзара іс-қимыл жасауының негізгі мәселелерін шешу; және (немесе)

Кеден одағының кеден заңнамасын түсіндіруге қолдануға байланысты даулы мә с е л е л е р д і т а л қ ы л а у ;

Кеден одағындағы кедендік қатынастарды реттейтін актілерді іске асыру барысын т а л д а у ж ә н е қ а р а у ;

Тараптар алдында белгіленген тәртіпте Кеден одағындағы кедендік реттеу саласында Кеден одағын дамыту бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға б а с т а м а ш ы л ы қ ж а с а у ж ә н е қ а т ы с у ;

Кеден одағындағы кедендік реттеуді жетілдіру, кедендік қағидаларды және кедендік құжаттардың нысандарын біріздендіру бойынша ұсыныстар дайындау және Кеден одағы органдарының қарауына енгізу;

тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын бақылауды қамтамасыз етуге б а ғ ы т т а л ғ а н қ ы з м е т т і ү й л е с т і р у ;

Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтеріне тауарлардың шығарылған елін айқындау қағидасын біркелкі қолдануды қамтамасыз ету бойынша ұсынымдарды қарау және дайындау ;

Кеден одағының органдары үшін декларациялау, тауарлардың кедендік құнын бақылау және кедендік төлемдерді төлеу тәртібін әзірлеу және жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарау және дайындау ;

Кеден одағына мүше мемлекеттерде кедендік бақылаудың біріздендірілген тәртібінің сақталуын, біріздендірілген кедендік рәсімдердің біркелкі және тиімді қолданылуын мониторингтеу ;

кедендік бақылаудың нысандары мен әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау ;

Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің жеке тұлғалардың Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы жеке пайдалануға арналған тауарларды өткізуінің біріздендірілген қағидасы мен мұндай тауарларды декларациялау тәртібін қолдануын мониторингтеу ;

Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасын біркелкі қолдануды мониторингтеу ;

Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарды қарау және ұсынымдар әзірлеу ;

Тараптар валюталық кеден мемлекеттері органдарының құндылықтарды әкелу және әкету тәртібін регламенттейтін заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыруын, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің валюталық заңнамасында көзделген өзге функцияларды жүзеге асыруын ұйымдастыру ;

Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің контрабандаға, Кеден одағындағы кедендік реттеу саласындағы өзге қылмыстарға, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жөніндегі өзара іс-қимылын ұйымдастыру ;

Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері қолданатын ақпараттық жүйелерді және ақпараттық технологияларды әзірлеуді, жетілдіруді және енгізуді үйлестіру, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ;

есірткі құралдары мен психотроптық заттардың, қару-жарақтың, Тараптар мемлекеттері халықтарының және шет елдер халықтарының көркем, тарихи және археологиялық игілігі заттарының, зияткерлік меншік объектілерінің, жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің, олардың бөліктері мен дериваттарының, тыйым салулар мен шектеулерге жататын басқа да тауарлардың заңсыз айналымының жолын кесу бойынша Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің бірлескен шаралар жүйесін әзірлеу және іске асыру ;

Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің құзыреті шегінде Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жылдамдатуға мүмкіндік беретін,

сондай-ақ кедендік инфрақұрылымның дамуын қоса алғанда, Тараптар мемлекеттерінің сыртқы экономикалық байланыстарын, Тараптар мемлекеттерінің кәсіпорындарын, мекемелерін, ұйымдарын және азаматтарын дамытуға жәрдемдесетін шараларды әзірлеу және жағдай жасау, осы шараларды іске асыруды қамтамасыз ету;

өз құзыреті шегінде кеден мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастыққа қатысу, Тараптар мемлекеттері орталық кеден органдарының оған қатысуын үйлестіру;

оларға қатысты Тараптар міндетті түрде оларды азайту жөніндегі шараларды әзірлейтін және қолданатын тәуекелдердің саласын айқындау бойынша ұсыныстар әзірлеу ;

тәуекелдерді басқару жүйесінің бірыңғай стандарттарын қалыптастыру үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуінің әдістемелік негіздерін әзірлеу және оларды Кеден одағы шеңберінде біркелкі қолдануды қамтамасыз ету.

## 7-бап

### Б і р і к к е н а л қ а н ы ң :

өз құзыреті шеңберінде кедендік баждардың, өзге баждардың, салықтар мен Кеден одағы жағдайында баламалы қолданылатын алымдардың сомасын есепке алу тәртібін жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлеуге;

өз құзыреті шеңберінде Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің ынтымақтастығын, өзара іс-қимылын дамытуға бағытталған шешімдер қабылдауға;

Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында тиімді кедендік әкімшілендіруді қамтамасыз ету үшін шешімдер қабылдауға;

белгіленген тәртіпте Кеден одағында реттеу саласындағы мәселелерді дайындау үшін қажетті тұрақты немесе уақытша жұмыс топтарын құруға;

Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтеріне Кеден одағының кеден заңнамасы нормаларын іске асыру барысы туралы және Біріккен алқа қабылдайтын шешімдерді орындау барысы туралы баяндауды тапсыруға;

оларға қатысты кеден органдары міндетті түрде оларды азайту жөніндегі шараларды әзірлейтін және қолданатын тәуекелдер саласын айқындауға;

кедендік әкелу баждарын (баламалы қолданылатын өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды) төлеуге байланысты ақпарат алмасу және ақпарат берудің бірыңғай т ә р т і б і н а й қ ы н д а у ғ а ;

2010 жылғы 20 мамырдағы Кеден одағында кедендік әкелу баждарын (баламалы қолданылатын өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды) есепке жатқызу мен бөлудің тәртібін белгілеу және қолдану туралы келісімге сәйкес кедендік әкелу баждарының есебін жүргізудің бірыңғай қағидаттарына негізделген келісілген қағидалардың қолданылуын қамтамасыз етуге;

Кеден одағындағы кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін Кеден одағына мүше

мемлекеттердің халықаралық шарттарына, ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) және Кеден одағы комиссиясының шешімдеріне сәйкес өзге де құқықтарды пайдалануға құқығы бар.

## 8-бап

Б і р і к к е н      а л қ а      м ү ш е с і н і ң :

Біріккен алқа құзыретінің шегінде кез келген мәселелерді талқылауға шығаруға және қаралатын мәселелер мен Біріккен алқа қабылдаған шешімдердің орындалуы туралы қажетті ақпаратты алуға ;

Біріккен алқаның отырыстарын өткізу орны мен уақыты туралы ұсыныстар енгізуге ;

Біріккен алқа жұмыс топтарының қызметі туралы қажетті ақпаратты алуға құқығы б а р .

Б і р і к к е н      а л қ а н ы ң      м ү ш е с і :

Біріккен алқаны кедендік ынтымақтастықтың қаралатын мәселелері бойынша өз мемлекетінің ұстанымы туралы хабардар етуге ;

Біріккен алқа қабылдаған шешімдерді өз мемлекетінің уәкілетті органдарына жеткізуге және олардың орындалуына ықпал етуге ;

Біріккен алқа қабылдаған шешімдердің толық және уақтылы орындалуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

## 9-бап

Біріккен алқаның шешімдері консенсустың негізінде қабылданады, бұл ретте Кеден одағына әрбір мүше мемлекеттің бір шешуші дауысы болады.

Біріккен алқаның шешімдеріне Төраға және қалған Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтерінің басшылары (олар Біріккен алқаның отырыстарына қатысқан кезде) қол қояды. Біріккен алқаның отырыстарында Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің басшылары болмаған кезде Біріккен алқаның шешіміне Төраға және оның о р ы н б а с а р л а р ы      қ о л      қ о я д ы .

Біріккен алқаның шешімдері қабылданған күнінен бастап жеті күндік мерзімде Тараптар мемлекеттерінің орталық кеден органдары басшыларының Тараптар мемлекеттерінің әрқайсының заңнамасында белгіленген өкілеттіктері шегінде өздері шығаратын бұйрықтарымен орындау үшін жарияланады.

## 10-бап

Біріккен алқа Хатшылығының функциялары Федералдық кеден қызметіне (Ресей Ф е д е р а ц и я с ы )      ж ү к т е л е д і .

Біріккен алқа Хатшылығының функцияларын орындау бойынша Федералдық кеден қызметінің шығыстарын қаржыландыру Федералдық кеден қызметін қаржыландыруға бөлінетін Ресей Федерациясының бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Біріккен алқа Хатшылығы Біріккен алқаның қызметін ұйымдастыруды және ақпараттық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Хатшылық орындайтын өзге де функциялардың тізбесі Төраға бекітетін Біріккен алқа Хатшылығы туралы е р е ж е д е а й қ ы н д а л а д ы .

Біріккен алқаның мүшелерін және оның отырыстарына қатысушыларды іссапарға жіберу жөніндегі шығыстарды жіберетін Тарап көтереді.

## **11-бап**

Біріккен алқаның жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

## **12-бап**

Біріккен алқа Хатшылығының орналасқан жері Мәскеу қаласы болып табылады.

## **13-бап**

Осы Шартқа ескертулерге жол берілмейді.

## **14-бап**

Осы Шартқа жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **15-бап**

Осы Шарттың ережелерін түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі.

## **16-бап**

Осы Шарт ратификациялауға жатады және қол қойылған күнінен бастап уақытша қ о л д а н ы л а д ы .

Осы Шарт дипломатиялық арналар бойынша Тараптардың осы Шарттың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап күшіне енеді.

2011 жылғы 22 маусымда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқалық данада ж а с а л д ы .

Осы Шарттың түпнұсқалық данасы осы Шарттың депозитарийі болып табылатын

және әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Кеден одағының комиссиясында сақталады.

*Беларусь*

*Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Қазақстан*

*Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Ресей*

*Федерациясының*

*Үкіметі үшін*

2011 жылғы 22 маусымда Мәскеу қаласында қол қойылған Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің біріккен алқасы туралы шарттың қазақ тіліне аудармасы дұрыс екендігін растаймын.

*Қ а з а қ с т а н*

*Қ а р ж ы*

*М е м л е к е т т і к*

*ж ә н е*

*Басқармасының бастығы*

*Б. Ахметжанова*

*Р е с п у б л и к а с ы*

*м и н и с т р л і г і*

*т і л д і д а м ы т у*

*р е д а к ц и я л а у*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК